

Жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаға, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына шектеулі ықпал ету шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 166 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылды 8 маусымда № 7720 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 5 қаулысымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.01.2016 № 5 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаға, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына шектеулі ықпал ету шараларын қолдану қағидалары бекітілсін.

2 . М ы н а :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорына және ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына шектеулі ықпал ету шараларын қолдану Ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 30 наурыздағы № 67 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4 6 6 0 тіркелген);

2) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі № 111 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6393 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 3 қарашадағы № 456 (26299) жарияланған) Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар тізбесінің 4-тармағының;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» 2010 жылғы 29 қазандағы № 162 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 6663 тіркелген) 2-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұ л т т ы қ

Б а н к

Төрағасы

Г. Марченко

Қазақстан

Республикасының

Ұлттық

Банкі

Басқармасының

2 0 1 2

жылғы

2 8

сәуірдегі

№

1 6 6

қаулысымен

бекітілген

Жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаға, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына шектеулі ықпал ету шараларын қолдану қағидалары

«Осы Жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаға, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына шектеулі ықпал ету шараларын қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы (бұдан әрі – Заң), «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының (бұдан әрі – уәкілетті орган) жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаға, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына шектеулі ықпал ету шараларын қолдану тәртібін б е л г і л е й д і .

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 29.03.2013 № 79 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Заңның 42-бабында белгіленген жағдайларда уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорына мынадай шектеулі ықпал ету шараларының бірін қолданады:

- 1) орындалуы міндетті жазбаша ұйғарым береді;
- 2) акционерлерге жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерін орнынан шеттету туралы мәселе қойылады;
- 3) міндеттеме-хат ұсыну туралы талап ету жібереді;

4) міндettі қол қоюға жататын жинақтаушы зейнетақы қорымен жазбаша
к е л і с і м ж а с а й д ы .

2. Уәкілетті орган ірі қатысушысы белгілерін иеленуші тұлғаларға, жинақтаушы зейнетақы қорларының ірі қатысушыларына қатысты, егер көрсетілген тұлғалардың, ірі қатысушысы белгілерін иеленуші заңды тұлғалардың, жинақтаушы зейнетақы қорларының ірі қатысушыларыныңлауазымды адамдарының және (немесе) қызметкерлерінің бұзушылықтары, заңсыз іс-әрекеті (әрекетсіздігі) жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жай-күйін нашарлатқанын немесе Заңның 34-бабының талаптарын бұзуына әкеп соғатынын белгілесе, Қағидалардың 1-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында келтірілген шараларды қолданады.

3. Қағидалардың мақсаты үшін жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жай-күйін нашарлатқан Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген тұлғалардың заңсыз әрекеті немесе әрекетсіздігі бұзушылығы нәтижесінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын үйимы меншікті капиталы жеткіліктілігінің және зейнетақы активтері кірістілігінің пруденциалдық нормативінің бұзушылығына жол берген, сондай-ақ егер көрсетілген осы іс-әрекеттер Заңның 41-2-бабының 1-тармағында атап көрсетілген жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жай-күйін нашарлауына әсер ететін факторлардың туындауына себеп болған іс-әрекеті деп танылады.

4. Уәкілетті органның жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ірі қатысушысы белгілеріне ие тұлғаларына, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларына шектеулі ықпал ету шараларын қолдануы мынадай факторлардың біреуін немесе бірнешеуін ескере отырып жүргізіледі:

1) т ә у е к е л д ә р е ж е с і .

Қағидалардың мақсаттары үшін тәуекел ретінде жинақтаушы зейнетақы қорының қызметін жүзеге асыруы кезінде азаматтық, қаржылық заңнамалар және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнама (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының заңнамасы) саласында белгіленген талаптарды орындауы және (немесе) толық орындауы нәтижесінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзуы, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне зиян келтіруі, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жай-күйінің нашарлауы түрінде теріс салдарлардың туында ықтималдылығы түсіндіріледі;

2) тандалған ықпал ету шарасын қолдану нәтижесінде жағдайды түзету
қ а б і л е т і ;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры үшін бұзушылық сипаты мен ықтимал
с а л д а р л а р ы ;

4) бұзушылықтың жиілігі мен ұзақтығы;

5) жол берілген бұзушылық нәтижесінде жинақтаушы зейнетақы қоры

шығындарының

мөлшері;

6) жол берілген бұзушылық туралы жинақтаушы зейнетақы қоры басшы қызметкерлерінің хабардар болуы;

7) жинақтаушы зейнетақы қорының жалпы қаржылық жай-күйі.

Жинақтаушы зейнетақы қорының жалпы қаржылық жай-күйі есептілік деректерінің, тексеру материалдарының, аудиторлық есептердің, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйелерінің болуына байланысты талаптарды орындаудың, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорының қаржылық жай-күйі нашарлаған жағдайда қаржылық қолдау алу мақсатында жинақтаушы зейнетақы қоры басшылығының акционерлермен өзара іс-әрекет жасау нәтижелерінің негізінде айқындалады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 29.03.2013 № 79 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Уәкілетті орган қолданылған шектеулі ықпал ету шараларын есепке алуды жүргізеді.

2. Жазбаша үйғарым

6. Заңның 42-бабында белгіленген жағдайларда уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаның, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының атына жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаның, жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ірі қатысушысының белгілерін иеленуші заңды тұлғасының, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының түзету шараларды қабылдауға жауапты лауазымды тұлғасын көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды және кемшіліктерді белгіленген мерзімде жоюға бағытталған орындауға міндettі түзету шараларды қабылдау туралы жазбаша үйғарымын шығарады.

7. Түзету шаралары жазбаша үйғарымда көрсетіледі және салымшылардың (алушылардың) алдындағы міндettемені орындау және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою бойынша шараларды орындауға міндettілігін білдіреді:

8. Жазбаша үйғарым:

жинақтаушы зейнетақы қорының бірінші басшысына немесе оның орнындағы адамға;

ірі қатысушы белгілерін иеленуші заңды тұлғаның бірінші басшысына; заңды тұлғаға және оның орнындағы адам болып табылатын жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына;

ірі қатысушы белгілерін иеленуші жеке тұлғаға, жеке тұлға болып табылатын жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысына жіберіледі.

3. Жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерлерін орнынан шеттету туралы акционерлерге өтініш

9. Заңдың 42-бабында белгіленген жағдайларда уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының акционерлеріне (акционеріне) жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін (қызметкерлерін) орнынан шеттету туралы мәселені .

қ о я д ы .

10. Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген шектеулі ықпал ету шараларын іске асыру уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органына қабылданған шектеулі ықпал ету шаралары туралы хабарламасымен және мынадай талабымен хат жіберу арқылы жүзеге асырылады:

1) уәкілетті органға осы хатты алған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде күн тәртібінде жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін (қызметкерлерін) атқарылатын лауазымынан (лауазымдарынан) шеттету туралы мәселені қарау енгізілген жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің жалпы жиналышын өткізу күні туралы мәліметті жіберу;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының жалғыз акционеріне жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін (қызметкерлерін) атқарылатын лауазымынан (лауазымдарынан) шеттету туралы мәселені қарау қажеттілігі туралы .

11. Жинақтаушы зейнетақы қорының басқару органы уәкілетті органға мыналар туралы ақпаратты жазбаша жібереді:

1) жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің тиісті жалпы жиналышын – уәкілетті органнан хатты алған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде өткізу күні туралы ;

2) жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің (жалғыз акционерінің) жалпы жиналышымен жинақтаушы зейнетақы қорының басшы қызметкерін (қызметкерлерін) орнынан шеттету туралы мәселесі бойынша осындай шешімді қабылдаған күннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде қабылданған шешімі туралы ;

3) жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлерінің (жалғыз акционерінің) жалпы жиналышымен басшы қызметкерін (қызметкерлерін) орнынан шеттету туралы шешімін қабылдаған жағдайда - шешімді орындалуын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осындай шешімді қабылдаған күннен кейін он күнтізбелік бес күн ішінде осындай шешімді орындау туралы.

4. Міндеттеме-хат

12. Заңның 42-бабында белгіленген жағдайларда уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорына және (немесе) ірі қатысушысы белгілеріне ие тұлғаларына, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларына Қазақстан Республикасы заңнамасының бар бұзушылықтарды тану фактісі, сондай-ақ жоспарланған іс-шаралар тізбесін көрсете отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасының осындай тәртіп бұзушылықтарды белгіленген мерзімде жою және (немесе) оларды алдағы уақытта болдырмау жөніндегі жинақтаушы зейнетақы қоры басшысының кепілдігі болу тиіс міндеттеме-хатты беру туралы талап етуді жібереді.

13. Уәкілетті органның міндеттеме-хатты ұсыну туралы талап етуі жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ірі қатысушысы белгілеріне ие тұлғаларының, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының қызметінде кемшіліктерді және (немесе) бұзушылықтарды оларды жою және (немесе) алдағы уақытта болдырмау өзіне тиісті міндеттеме қабылдаған тұлғалар тарапынан түзету шараларды қабылдау арқылы объективті түрде мүмкін болатын көрсетілетін жағдайларда қолданылады.

14. Міндеттеме-хатты ұсыну талабы мынадай жағдайлардың бірі болған кезде жеткілікті ықпал ету шарасы болып табылады:

1) өзіне тиісті міндеттеме қабылдаған тұлға ниет білдіріп және оны орындауды қамтамасыз етуге жағдайының барлығына негіз бар деп болжаса;

2) міндеттемеде шаралардың нақты құрамы және оларды жүзеге асыру мерзімі болса және уәкілетті орган оны тәртіп бұзуларды жоюға және (немесе) оларды алда болдырмауға жеткілікті деп таныған болса.

5. Жазбаша келісім

15. Заңның 42-бабында белгіленген жағдайларда уәкілетті орган жинақтаушы зейнетақы қорымен және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғамен, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысымен Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзушылықтарды жою қажеттілігі туралы және осыған байланысты бірінші кезектілік шараларды бекіту туралы жазбаша келісім жасайды.

16. Жазбаша келісімде түзету шаралары ретінде басқару органы және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші заңды тұлғаның, заңды тұлға болып табылатын жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші жеке тұлғаның, жеке тұлға болып табылатын жинақтаушы зейнетақы қорының

ірі қатысушысының басқару және (немесе) атқарушы органы түзету шаралары ретінде қабылдайтын кемшіліктерді жою және (немесе) оларды алдағы уақытта болдырмау бойынша іс-әрекеті және оларды орындау мерзімі көрсетіледі.

17. Жазбаша келісімде бірінші кезектілік шараларды бекіткен кезде сонымен бірге м ы на л а р ғ а :

1) жинақтаушы зейнетақы қорының және ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаның, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының тәуекелдерін төменидегүе;

2) жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаның, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының міндеттемесін белгілеуге, жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаның, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының қаржылық жай-күйін нашарлатуға әкеп соғатын іс-әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ көрсетілген тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын және (немесе) уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларын қайта бұзуына бағытталған талаптар енгізіледі.

18. Жазбаша келісімге қол қойған тұлға (тұлғалар) оның талаптарын орындау бойынша өзіне міндеттеме алады.

19. Жазбаша келісім әр тарап үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады, бірдей зандау күші бар.

Уәкілетті орган қол қойған жазбаша келісімнің даналары жинақтаушы зейнетақы қорының және ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаның, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының атына ілеспе хатымен жіберіледі.

Жинақтаушы зейнетақы қоры және ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлға, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы жазбаша келісімге қол қояды және мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данадан уәкілетті органға алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде ұсынады.

6. Қорытынды ережелер

20. Ирі қатысушы белгілерін иеленуші тұлға, жинақтаушы зейнетақы қоры ірі қатысушы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде өзі ірі қатысушысы болып табылатын ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғамен жинақтаушы зейнетақы қорының атқарушы органының және басқару органының барлық мүшелеріне оған қатысты шектеулі ықпал ету шарасын шығарылғаны туралы, сондай-ақ қалған ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаларға және осы жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларын оларға қатысты шектеулі ықпал ету шарасы шығарылғаны туралы хабардар етеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде барлық өздерінің ірі қатысушыларына және ірі қатысушылары белгілерін иеленуші тұлғаларына оларға қатысты шектеулі ықпал ету шарапалары шығарылғаны хабарлайды.

21. Жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлға, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы осы шектеулі ықпал ету шарасында белгіленген мерзімде шектеулі ықпал ету шарасын орындау жөнінде уәкілетті органға жазбаша хабарлайды.

22. Егер уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шарасына сәйкес жоспарланған іс-шаралардың тізбесін ұсыну көзделген жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлға, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы уәкілетті органның оған қатысты шектеулі ықпал ету шарасын қолдану туралы хабарламасында көрсетілген, бірақ күнтізбелік он бес күннен кем емес мерзімде уәкілетті органға жоспарланған іс-шараларды орындау мерзімдерін және түзету шараларды қабылдауға жауапты лауазымды тұлғаларын көрсете отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасының анықталған бұзушылықтарды және (немесе) оларды алдағы уақытта болдырмау бойынша жоспарланған іс-шаралардың т і з б е с і н ұ с н а д ы .

Жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші занды тұлға, занды тұлға болып табылатын жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы ұсынатын жоспарланған іс-шаралардың тізбесі жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлғаның, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының басқару органы (бар болса) бекітуге тиіс.

23. Уәкілетті орган берілген жоспарланған іс-шаралардың тізбесін оны алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарайды.

Уәкілетті орган жоспарланған іс-шаралардың тізбесімен келіспеген жағдайда жоспарланған іс-шаралардың тізбесіне ескертулері бар хат жібереді, осы ескертулерді жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші занды тұлға, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы жояды. Түзетілген жоспарланған іс-шаралардың тізбесі уәкілетті органның хаты алынған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде уәкілетті органға беріледі.

24. Уәкілетті органға жоспарланған іс-шаралардың тізбесі ұсынылған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) ірі қатысушы белгілерін иеленуші тұлға, жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысы жоспарланған іс-шаралардың орындалу жөнінде олардың орындалуы жоспарланған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарлайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК